

Ел жаңалықтары

Әлеуметтік әмиян жобасы енгізіледі

Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың төрағалығымен Сауда және интеграция министрлігінің алқа отырысы өтті. Алқа отырысында ведомствоның І жартыжылдықтағы жұмысы қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған міндеттер айқындалды.



Вице-министр Жанәл Күшүкованың айтуынша, 2022 жылдың 5 айында Қазақстанның сыртқы саудасының оң динамикасы байқалады. Быыл қаңтар-мамырда сыртқы сауда айналымы 51,3 млрд долларды құрады. Экспорт өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 59 пайызға өсіп, 34,2 млрд доллар болды. Сондай-ақ Қазақстанның ЕАЭО елдерімен саудасы оң динамиканы көрсетуді жалғастыруда.

«Қазақстанның ЕАЭО бойынша әріптестерімен тауар айналымы 2022 жылдың 5 айында 10 млрд долларды құрады, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5 пайызға жоғары. ЕАЭО елдерінің нарықтарындағы қазақстандық тауарлар үшін кедергілерді жою бойынша жұмыс жалғасып жатыр», деді Ж.Күшүкова.

Сауда және интеграция вице-министрі Әсел Жанасова бүгінгі таңда министрлік 9 цифрлы жобаны іске асырып жатқанын хабарлады. Олардың арасында төлем жүйесі бар әлеуметтік әмиянды енгізу де бар.

«Бүгінгі таңда «әлеуметтік әмиян» бойынша қанатқақты жобаны жүргізу жұмыстары мүдделі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және ЕДБ-ның қатысуымен жалғасып жатыр», деді Ә.Жанасова.

Сонымен қатар Б.Сұлтанов жыл соңына дейін мүдделі органдармен, ұйымдармен және ЕДБ-мен бірлесіп «әлеуметтік әмиянды» енгізу қажеттігін атап өтті.

«Жобаны іске асыру оларды пайдалану тиімділігінің мониторингін қамтамасыз ете отырып, халықты әлеуметтік қолдау қаражатын бөлудің цифрлы құралын жылдам құруды қамтамасыз етеді», деді Б.Сұлтанов.

Алқа отырысы барысында Сауда комитетінің төрағасы Ержан Қазанбаев та баяндама жасады. Оның айтуынша, ішкі тауар айналымы өсті. Осы жылдың қаңтар-маусым айларында тауар айналымының көлемі 20,6 трлн теңгені құрады. Оның ішінде бөлшек саудада 6,1 трлн теңге, көтерме саудада 14,5 трлн теңге болды. Қазіргі уақытта комитет 3 негізгі бағыт бойынша жұмыс жүргізіп жатыр:

- сауда саласын дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты жетілдіру;
- сауда инфрақұрылымын дамыту;
- азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру мәселелері бойынша бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету.

Сонымен қатар Б.Сұлтанов Сауда комитетінің төрағасына Ауыл шаруашылығы министрлігінің қант саласын дамыту бойынша көшенді жоспар әзірлеу жұмысына белсенді қатысуды тапсырды. Ол импортқа тәуелділікті едәуір азайтуға және өзін-өзі қамтамасыз етуге біртіндеп көшуге бағытталуы керек екенін атап өтті. Сондай-ақ мүдделі инвесторларды тарта отырып, КТО желісі бар ұлттық тауар өткізу жүйесін іске қосуды жеделдету қажет.

Алқа отырысы барысында ТРМК төрағасы Арман Әбенов, ТҚКК төрағасының орынбасары Алмас Әбжапаров және СИМ аппарат басшысы Жәнібек Нөпіров министрлік қызметінің мәселелері бойынша баяндама жасады.

Сауда және интеграция министрі отырысты қорытындылай келе, вице-министрлер мен комитет төрағаларына барлық қабылданған міндеттемелерді, оның ішінде Мемлекет басшысының жаңа тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ ел Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысының сынына байланысты Сауда комитеті басшылығының жауапкершілігін қарау тапсырылды.

Конкурса қандастар да қатыса алады



«Қандастар үшін қуанышты жаңалық! 8 тамыздан бастап 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грантқа Business, епбек.кз порталында өтінім қабылдау басталады», деп мәлім етті «Отандастар қорының» баспасөз қызметінен. Бизнеске арналған қайтарымсыз грант конкурсына қолдану мерзімі жарамды «қандас» мәртебесі бар азаматтардың қатысуына мүмкіндігі бар. Грант мемлекетке қайтарылмайды, сомасы - 400 АЕК.

Серпін



Кәсіпкерлікке бетбұрыс көп

Кәсіпкерлікті дамыту – қашаннан халықтың ахуалын жақсарту мақсатындағы негізгі бағыттардың бірі. Бүгінгі мемлекеттік саясаттың, стратегиялық бағдарламалардың бірқатары кәсібін дөңгелетемін дегендерге қолдау білдіруге бағытталып отыр. Мұндағы мақсат – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыздар арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту. Бұл қазіргі таңда бір жүйеге түсті. Оған өзіміздің аудандағы кәсіп иелеріне қарап-ақ көз жеткізуге болады.

Қарап отырсақ, атқарылған шаруа аз емес. Дегенмен алда қолға алатын жоспар да баршылық. Саланы өркендетуде қашанда табандылық қажет болса, мемлекеттік бағдарламалардың да тиімділігін айтап кете алмаймыз. Біздің ауданда да мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді пайдалана отырып, шағын және орта бизнесті қолға алғандар көп. Алдымен мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін айтсақ шағын және орта бизнестің даму деңгейі көңіл қуантарлықтай дәрежеде. Өйткені кәсіпкерлік саласы көнже қалмай, қолдан келгенше кәсібін дөңгелетемін дегендерге қолдау білдіруде. Бұған дейінгі кәсіпкерлік саласындағы жұмыстарды айтатын болсақ, жалпы аудан бойынша өткен жылы мемлекеттік, үкіметтік және өңірлік бағдарламалар аясында 174 жоба қаржыландырылып, 378 адам жұмысқа орналасқан. Ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындар және жеке секторлар арқылы 9,9 млрд теңгені құрайтын өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, ауданның жылмен салыстырғанда 5,8 пайызға жоғары орындалған.

Ал өткен аптада ауданымызда аталған саланы дамыту бойынша атқарылған жұмыстарды саралаған аудан әкімі Ақарбек Есжанов биыл ауданда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 571-ге жеткенін айтты. Оның ішінде 2 379-ы, яғни 92,5 пайызы нақты жұмыс

жасап тұр. Ал жыл басынан бері 290 кәсіпкерлік субъектісі ашылған.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында және жеке қаражат есебінен 2 млрд 518 млн теңгеге 92 жоба қаржыландырылып, 168 жаңа жұмыс орыны ашылған. Қазіргі таңда 1 млрд 79 млн теңгені құрайтын 51 жобаны қаржыландыру үшін микроқаржы ұйымдары мен екінші деңгейлі банктердің қарауына ұсынылған. Сонымен қатар 2018 жылдан бастап тоқтап тұрған мия тамырын өңдеу зауытының жұмысын жандандыру да қолға алынды. Қыркүйек айында зауыт толық іске қосылып, 190 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлап отыр. Оның 40-ы тұрақты. Зауыт жұмысын бастау үшін 300 тонна мия тамырының қоры жасақталған. Бұл өндірісте заманауи, толық автоматтандырылған технология пайдаланылады. Жоба қытайлық «Борихунда» компаниясы және «Бис Групп» ЖШС есебінен жүзеге асырылған. Мемлекеттік қолдау шарасы ретінде зауытты орналастыру үшін 8,75 гектар жер телімі табысталыпты. Алайда үлескерлердің арасында келіспеушілік туындап, зауыттың жұмысы 2017 жылға дейін тоқтады. Дәл осы жылы зауытқа құны 115 мың АҚШ долларын құрайтын қондырғылар орнатылып, сол жылы алғашқы 20 тонна және 2018 жылы 13,6 тонна өнімін Қытайға экспорттаған

Десе де 2018 жылдан бастап өндірілетін өнімнің құны әлемдік нарықта төмендеп кетуіне байланысты зауыт жұмысы қайта тоқтады. Қазіргі таңда Қытайдан технологу мамандарды алдырып, зауытты іске қосу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен бірге елдегі ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы да жалағаштықтардың негізгі кәсібі деуге болады. Халқымыз «Жер жомарт, жерге сенген ел жомарт, еңбек еткен ер жомарт» деген. Жыл сайынғы егіннен өндірілген өнімнің жоспарға сәйкес, кейде тіпті көп орындалуы облыс бойынша үздіктердің қатарынан көрінуімізге мүмкіндік береді. Ауданымыз бұған дейінгі жылдары ауыл шаруашылығының барлық саласы бойынша жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Әрине мұндай нәтижеге өнімнен мол өнім алып, аудан абыройын асқақтатып келеді. Еңбеккерлер қауымы бүгінгі заман талабына сай, мықты әрі тиімді шаруаны жүргізіп, жоғарғы белестерді бағындырудың үлгісін көрсетіп келеді.

Мәселен, биыл аудан бойынша 35 486 гектар жерге егіс орналастырылса, оның 18 501 гектарының негізгі дақыл – күріш құрайды. Тәжірибелік мақсатта алғаш

рет 73 гектар қант құмайы, 39 гектар соя, 5 гектар сұлы, 2,5 гектар қант қызылшасы да егіліпті. Ал жеке азаматтардың егінмен айналысып, өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз етуі мақсатында 250 гектар жер дайындалып, бұл жерлер аудандағы 802 отбасыға үлестірілген. Қазіргі таңда онда 146 гектар картоп, 8 гектар көкөніс, 96 гектар бақша дақылдары орналастырылды.

Облыс бойынша егілетін күріштің үштен біріне жуығын өндіретін Жалағашта мал шаруашылығы да қарқынды дамып келеді. Кәсіпкерлер көшпелі қазақ тұрмысынан бастап күні бүгінге дейін жалғасқан ата кәсіптің бұл түрінің де көкірегін кеңейтуде. Ата-бабамыз төрт түлікті қастерлегені сонша, жайлаудан күзеге, одан қыстауға көшіп, малдың қоңды, төлді болуына жағдай жасаған. Ауыл шаруашылығының бір саласы мал басын көбейту, ірілендіру мен асылдандыру саланың дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Ауданымызда мал басын арттыру мақсатында шаруа қожалықтары мемлекет ұсынған бағдарламаларды тиімді пайдаланып келеді.

Бұл кәсіптің нысандардың барлығы жоспарлы түрде жұмысын жүзеге асыратын болса, өңірдегі жұмыссыздар санының азаюына едәуір септігін тигізіп қана қоймай, саланың дамуында серпін болар еді. Бұл дегеніміз, халықтың әл-ауқатының артуына, тұрмыс сапасының жақсаруына бір жағынан сапаның өркендеуіне, аудан бюджетінің молаюына да септігін тигізбек. Әсіресе ауданымыз көркейіп, дамудың даңғыл жолына түспек. Ең бастысы, аудандағы жыл сайын ел игілігіне жұмыс істейтін әлеуметтік нысандармен қатары толығымен болды.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Сайлау – 2022

Тұрғындар өз таңдауын жасады

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу қажеттілігі жөнінде бастамасына сәйкес жексенбі күні Жалағаш ауданына қарасты М.Шәменов ауылдық округінің әкімін сайлау науқаны өтті.



Ертемен редакция ұжымы сайлау учаскесінің ашылуына қатысу және саяси науқанның өту барысын ақпараттандыру мақсатымен М.Шәменов елді мекеніне ат басын бұрдық. Мәдениет үйінің алдында жиналған бір топ ауыл тұрғындары сайлау учаскесінің ашылуын күтіп тұр екен, ауылда маңызды саяси науқанның лебі сезілді. Таңғы сағат 7:00-де №133 сайлау учаскесінде учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің, БАҚ өкілдерінің, байқаушылардың және сенім білдірген адамдардың қатысуымен сайлау туралы заңның талаптарына сай, барлық процедураларды орындай отырып сайлау учаскесі ресми түрде ашылды.

Күн шығысымен өз таңдауымды жасаймын деген сайлаушылардың белсенділігін байқаған біз тұрғындардың ауыл болашағына үлкен жауапкершілікпен қарайтынына көз жеткіздік. М.Шәменов ауылдық округі әкімінің сайлауына үш үміткер өз кандидатурасын ұсынған. Олардың өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасымен ауыл тұрғындары бұқаралық ақпарат құралдары арқылы толық танысқан.

Сайлау учаскесі ашыла салысымен таңғы асына да қарамастан қора жайдағы шаруаларын кейінге ысырып, саяси науқанға қатысуға алғашқы болып келген ауыл тұрғыны Нұрлан Аяғанов та өз таңдауын жасады.

– Бүгін ауылымыз үшін саяси маңызды күн десем болады. Ауылымыздың тыныс-тіршілігі шүкір, жақсы, ауыл азаматтарының жасап жатқан шаруаларының жайы көңіл көншітеді. Алдағы уақытта да осы алған бағытымыздан таймай, ауылымыз көркейе береді деп сенемін. Науқан әділ, барлық ережелерге сай өтіп жатыр. Халқымызға бірлік, елімізге бейбітшілік тілеймін, – деп, өтіп жатқан саяси науқанға сәттілік тіледі.

М.Шәменов ауылдық округі әкімін сайлау науқанының басталғанынан 2 сағат өтісімен мәлімет сұрадық. Сайлау комиссиясының төрайымы Гүлнәр Ералиеваның ұсынған мәліметі бойынша №133 сайлау учаскесіне сағат 9.00-ге дейін 146 сайлаушы, яғни дауыс беруге құқылы тұрғындардың төрттен бірі дауыс беруге келген. Жалпы саяси науқанға қатысушылар саны 608 екен. Қуантарлығы, ауыл тұрғындары үшін әрбір азаматтың дауысы маңызды екені және

елді мекеннің болашағы әр тұрғынды алаңдатынының байқалды. Осындай бірлігі бекем ауылда қашанда береке болатынына біз журналистер қауымы үлкен сеніммен қарадық.

Сол сәтте таң атысымен малын жайғап, қора жайдың тіршілігін реттеген ауыл ағасы Нұрлан Пірманов, науқанда өз таңдауын жасау үшін сайлау учаскесіне келіпті. Сайлаушы жәшікке бюллетенін салған бойда, біз де ауыл тұрғынынан дереу сұхбат алуды жөн көрдік.

– Ауылымыздағы жасалып жатқан әрбір істің берекелі болатынына сенемін. Ауылымыз үшін бүгінгі күн өте маңызды. Сондықтан ауыл халқын саяси науқанда белсенділік танытуға шақырамын. Жалпы кандидаттар, кандидаттардың сайлауалды бағдарламаларымен ақпарат құралдары арқылы етене таныспыз. Онда үміткерлер сайлауалды бағдарламасына ауылдағы өзекті мәселелердің шешу жолдарын көрсетіпті. Енді соның барлығы алдағы 4 жылда шешімін табуына жұмыс жасаса болғаны. Саяси науқан әділ, ешқандай тежеусіз, жақсы көңіл-күйде өтіп жатыр. Науқанды ауыл халқы болып абыроймен өткізуге тілектеспін, – деп ниет білдірді ауыл тұрғыны.

Біздің ойымызша, процесс таза, ашық, ұйымдастырылған. Халықтың көбі мерекелік көңіл күйде жүрді. Бұл дегеніміз халықтың жағдайы, саяси сауаттылығы жоғары екенін көрсетеді.

Сайлау қорытындысына келетін болсақ, аудандық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша сайлаушылар тізіміндегі 608 адамның 515-і дауыс берген, жарамсыз бюллетендердің саны 2-еу, «Бәріне қарсы» дауыс бергендері жоқ, М.Шәменов ауылдық округі әкіміне үміткерлер қатарындағы Аширбеков Жаңабай 62, Есжанов Ғалымжан 406, Ибраев Дәурен 45 дауыс жинаған. Сайлаушылардың ең көп дауысын жинаған М.Шәменов ауылдық округінің жаңа әкімі болып, халық таңдауымен Есжанов Ғалымжан Сансызбайұлы сайланды. Жаңадан сайланған әкімге алдағы жұмыстарына табыс, абырой тілей отырып, халық сенімінен шығады деген ойдамыз.

Жалпы, сайлаушылардың саяси шарадағы жоғары белсенділігін ерекше айтуға болады. Ертемен тұрып елдің қамын қолттеген көптің ортақ тілегі бір, ол – елді мекеннің одан әрі гүлдене түсуі.

Жандос ЖАЗКЕН

Заңға бағынған ел құл болмайды

Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Сол себепті еліміз ең бірінші орынға адамды, яғни оның өмірін, қауіпсіздігін қояды. Осыған орай адам құқықтарын қорғаудың тетіктерін одан әрі жетілдіру, қауіпсіз орта қалыптастыру барысында ауданымыздың құқық қорғау органдарының, заң қызметкерлерінің атқарып жатқан жұмыстары да жетерлік.



Өткен аптада аудан прокуроры Ш.Есжановтың төрағалығымен аудандық полиция бөлімінде аудан әкімінің орынбасары А.Нұрмағанбетов және полиция органының қатысуымен 2022 жылдың 6 айында аймақтағы өсім алған қылмыстар мен атқарылған профилактикалық жұмыстарды талқылау жөнінде жиын өткізілді. Жиында аудан прокурорының орынбасары Р.Бақбергенов қылмыстылық ахуал туралы баяндама жасады. Сондай-ақ Жалағаш Алб жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы Е.Абдраманов және Жалағаш Алб төргеу жөніндегі орынбасары Б.Сәрсенов осы жылдың 6 айындағы атқарылған жұмыстары туралы сөз алды.

Аудан прокуроры орынбасарының мәліметінше, аймақтағы жалпы қылмыстылық ахуал өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 4,4 пайызға азайғанымен, бүгінгі күні оның жекелеген түрлері өсім алған. Яғни кісі өлтіру 100 пайызға, жыныстық қол сұғылмаушылық 100 пайызға, бұзақылық 300 пайызға, өсірткі 40 пайызға, мал ұрлығы 50 пайызға, толпен жасалған қылмыстар 150 пайызға, сотталығы жойылмағандар екі есеге, жол көлік оқиғасы 5 есеге өскен.

Өткен жылдарға қарағанда осы жылдың алты айында құқық бұзушылықтардың саны күрт өскендігін статистика көрсетіп тұр. Атап айтар болсақ, ол саналы түрде ішімдік ішкеннен кейін адам өміріне қауіпті болып табылатын қылмыстар, оның ішіндегілері адам өлімі, зорлау, көмелетке толмағандар арасындағы бұзақылық және мал ұрлығы. Осы мәліметке сүйене, құқық бұзушылықтың және қылмыстың алдын алу профилактикасы дұрыс бағытта жасалып отырмағандығын айтып кеткеніміз жөн. Осындай түрдегі қылмыстық фактілердің өсім алуы жергілікті орган басшыларының, мектеп директорларының және учаскелік инспекторлардың алдын алу, түсіндірме жұмысының

шикілеу екендігін көрсетеді, – деді Р.Бақбергенов.

Баяндамадан кейін сөз алған аудан прокуроры қылмыстың алдын алу профилактикасы, әсіресе пробациялық жұмыстарды күшейту керектігін жеткізді. – Қазіргі уақытта көмелетке, сондай-ақ 29 жасқа толмаған азаматтар арасында қылмыс өршіп тұр. Оны өздеріңіз де жақсы білесіздер. Нақтырақ айтсақ, жақында ғана кент орталығында күндізгі уақытта бірін-бірі ату фактісі орын алды. Мұның бірінші салдары – жастардың жұмыссыз болуы. Жұмыссыз болғасын түрлі қылмыстарға, яғни ұрлық, зорлық-зомбылық әрекеттеріне барып жатады. Сол себепті тек полиция ғана емес, жергілікті органдарда бұл мәселе бойынша жұмыстар жүргізу қажет. Біздің қызмет тек қылмысты ашумен ғана шектелмейді, сонымен қатар қылмысты болдырмау жолдарын да қарастыруымыз керек, – деді Ш.Есжанов.

Келесі болып атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасау үшін Жалағаш Алб жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы Е.Абдраманов сөз алды. Бірақ аудан прокуроры баяндамашыға құр статистикаларды емес, атқарылып жатқан жұмыстар туралы қысқа да нұсқа баяндауды ұсынды.

Е.Абдрамановтың сөзінше, қоғамдық тәртіпті нығайту мен жүргізілген профилактикалық жұмыстар нәтижесінде жасалған қылмыстар өткен жылмен салыстырғанда төмендеген. Алайда жекелеген қылмыстарда өсім бар. Атап айтсақ, пәтер ұрлығы, мал ұрлығы, алаяқтық, көше бұзақылығы, жол-көлік оқиғалары өршіп тұр. Қылмыстарды алдын алу мақсатында «Мал ұрлаушы», «Түнгі Жалағаш», «Есептегі», «Қару», «Балалар қауіпсіздігі», «Құқық тәртібі» атты жедел профилактикалық іс-шаралары өткізілген. Сонымен қатар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына қауіпсіз қоғамды дөріптейтін мақалалар да шығарылған.

– Жоғарыда айтқандай қазірде жол-көлік оқиғалары көп. Өкінішке қарай, жол апатының көбінде адам өлімі фактісі орын алып жатады. Осының барлығы жүргізушілердің ережеге бағынбай, жолаушылардың өміріне жауапсыз қарағандығының салдары. Алайда, кент іші мен Батыс Қытай-Батыс Еуропа автодөлізінің, Жалағаш-Қызылорда және басқа да бағыттағы күре жолдардың бойындағы көлік қозғалысын жол полициясы жіті қадағалайды. Жол-көлік оқиғаларын азайту, алдын-алу мақсатында «Автобус», «Қауіпсіз жол», «Құқық тәртіп», «Жаяу жүргінші», «Такси», «Заңсыз қайта жабдықтау» жедел профилактикалық іс-шаралары ұйымдастырылып отыр. Тағы бір айта кететіні жол-көлік апаттарына егесіз, орын алмаған жерде жайылған үй жануарларының есери тиеді. Әрине егесіз жүрген үй жануарларын қамайтын орын бар. Биыл 111 хаттама толтырылғанымен, дегенмен бұл жұмыстар жеткілісіз болып тұр. Малдардың үлкен жолдарға шығып кететіндері, түнгі уақытта көлік жүргізушілерге едәуір кедергі келтіріп жатады. Бұл мәселе бойынша ұсынысымыз да бар. Батыс Қытай-Батыс Еуропа автодөлізінің екі жақ бетіндегі жол жиіктерін қоршау, сондай-ақ үй жануарларының мәкеті санын ұлғайту керек. Сонымен қатар осы кезге дейін айтылып келе жатқан падаыны ұйымдастырса, – дейді қосымша сұрақтарға жауап берген аудандық полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары Мәулен Әсеров.

Сарапайт келе, аудан прокуроры есепте тұрған, бұрын қылмыс жасаған, қылмыс жасауға тәуекелі жоғары азаматтармен жұмыс істеуді күшейтуді тапсырды. Біз ойлаймыз, ұрлық тек түнгі уақытта ғана орын алады деп, ол ойымыз қате. Статистикаға қарасақ, пәтер, мал ұрлығы фактілерінің көбісі күндізгі уақытта орын алған. Осыны ескерейік. Сосын егесіз жайылған үй жануарлары бойынша, қамауға алын-

ған үй жануарларының егесін анықтап, айыппұл салып, есепке алып отыру керек. Өйткені заң бойынша қатаң түрде қадағаламасақ, басқа жолы да қалмады. Сонымен қатар жастармен тығыз жұмыс жасау, үй жануарларына пада ұйымдастыру мәселелері бойынша бірігіп жұмыс жасауды аудан әкімінің орынбасары А.Нұрмағанбетовке ұсынды.

Қылмыстардың ашылу барысы бойынша Жалағаш Алб төргеу жөніндегі орынбасары Б.Сәрсенов те қысқа да нұсқа баяндамасын жасады.

– Шынын айту керек, қылмыстардың ашылуы төмендеді. Алдымен осыған әсер еткен факторларды айта кетсем. Мәселен, кадр жетіспеушілігі туындап отыр. Қазір бөлімде 4 төргеуші жұмыс істейді. Оның біреуі Алматы қаласында іс-сапарда. «Ауруын жасырған өледі» демекші, ғимаратта интернет жылдамдығы да өте төмен. Базаға өңізу үшін біраз уақыт жұмсаймыз. Дегенмен осындай мәселелерге қарамастан, жұмысымызда ілгерілеу бар. Алдағы уақытта жоғарыда айтылған мәселелерді толықтай жоятын боламыз, – деді Б.Сәрсенов.

Баяндамашының сөзін тиянақты тыңдаған аудан прокуроры бөлім бойынша бірқатар сындар айтыт.

– Мен ауданға келгені бір де біреуін осындай қылмыс ашылды деп алдыма келмедіңіздер. Оған қоса мерзімі бұзылып, яғни көшіктіріліп төргеу жасалу фактілері де өте көп. Осыған мән берсеңіздер, – деді Ш.Есжанов.

Жиналыс соңында жедел мәжіліс шешімімен тиісті құзырлы органдарға алдағы уақытта атқарылатын нақты тапсырмалар беріліп, оның орындалуы бақылауға алынды. Заңға бағынған ел құл болмайды демекші, аудан халқын құқықтық қамтамасыз етуде, қауіпсіз қоғам қалыптастыруда тек заң қызметкерлері ғана емес, бүкіл жалағаштықтар атсалысуы керек.

Жандос ЖАЗКЕН

Тәрбие – тал бесіктен

Жас та болса бас бола білетін баланы «Жаны жақсы ағаның етегін баспа, жолын қу, болайын деген баланың бетін қақпа, бетін бу» дейтін текті халықпыз ғой. Тағы бірде «Қой асығы демеңіз, қолайыңа жақса сақа тұт, жасы кіші демеңіз, ақылы асса аға тұт» деген тәмсілді өнеге етеміз де, «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» деп қайырамыз енді бір жерде. Қарап отырсақ, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бірауыз сөзбен түйіп, кішіге берер тәрбие мен үлкеннен алар өнегені бір арнада тоғыстырыппыз. Ұлан ғайыр атырапты мекен еткен қазақтың текті халық атануы да осыдан болар.

Бүгінгі баланың болмысы



«Атымды адам қойған соң, қайдан надан болайын?!»

деген екен қазақтың бас ақыны. Расымен дүниеге келгенде азан шақырып ат қойған соң, сол атыңа лайық болу, атананың артқан сенімін ақтап, елдің үкілеген үмітінен шығу перзенттің парызы. Баланы отбасы, ошақ қасында тәрбиелегенімізбен, әрбір бала сол ұлттың бір-бір кірпіші екенін естен шығармау керек. Тұлпар ізін тай басар демекші, бүгінгі бала – елдің ертеңгі тұтқасын ұстар тұлға, бүгінгінің жалғасы. Ұлы ойшыл Әл-Фараби атамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс, тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деген. Жастайынан жүйелі тәрбие берген ата-анаға перзенті мәңгілік қарыздар және сол тәлім-тәрбиені өз қажеттіліктерімен қатар ел мүддесіне жұмсауы да азаматтықтың бір шыны. Ол да бір қоғамға қосқан үлесінің үлкені болары сөзсіз.

Жалпы ертеңінді ойласаң, бүгіннен әрекет қылу керек. Ол бесенеден белгілі, табиғаттың бұлжымайтын заңдылығы. Ал бүгіннен әрекет қылу жауапкершіліктен, табандылықтан, алға мақсат қойып, сол мақсатыңа қарай қарыштап қадам басудан тұрады. Біздің ертеңіміз кімдер? Осыны бір сөт ойлап көрсек. Әрине біздің ертеңіміз бүгінгі балалар, жастар. Жастар болашақты жасайтын бүгінгіміз. Келешекті кемел болашақты жарқын еткіміз келсе, бүгінгі буынның сана-сезімін ұлттық қазақы тәлім-тәрбиемен және адами болмыспен нәрлендіріуіміз керек. Түптеп келгенде, барлығы тәрбиеге, сол тәрбиенің негізін беретін ата-ана мен қоғамға келіп тіреледі. Мәселенің шешемін іздемей тұрып, себепсалдары мен мәнін түсініп алған оңайырақ. Сондықтан біз ең алдымен бүгінгі баланың болмысына тоқтала кетсек.

Заманның ағысы адамзатты өзгеріске бейімдемей қоймады. Қазіргі буынның таным-түсінігі, өмір сүру дағдысы бұрынғыдан өзгеше. Бүгінгінің жастары ашық, жан-жақты, жаңа өзгерістерге бейімделгіш келгенімен, агрессивті әрі ашушаң және бойларында заманауи технологияларға деген тәуелділіктің жұрнағы барын жасыра айтпай кете алмаймыз. «Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші, бала тәрбиесін сөз етсек болды, сымсыз құрылғыға тіл тигізбей кете алмаймыз. Өйткені барлық қиындық пен келеңсіздік бастауы осы жалпақ әлемді алақаныңа сындырған қалта телефон болып тұр. Өмірге шыр етіп келген баладан еңкейген картқа дейін смартфонға тәуелді.

Жасыратыны жоқ қой, жаңа жоғарыда айтқанымыздай, қазіргі кезде үлкен де, кіші де телефонға тәуелді болған заман. Оған кінәлі өзіміз. Балалар арасында осы тәуелділіктен енді тілдерінде мүсікті көп, дыбыстарды дұрыс айта алмайды. Бала тыныш болсын деп өзіміз телефонды беріп, жан тыныштығымызды ойлаймыз. Ол бала не көріп жатыр, не үйреніп жатыр оны қадағаламаймыз. Сайып келгенде тәрбиенің бір тұсы қалыс қалып барады. Яғни, біз барлығын заманның ағымына теліп отырғанда сымсыз құрылғының құрығына түскен балаларды кітап оқуға дағдыландыра алмай қалдық. Кешегі білім – інөмен құдық қазғандай деген ата-бабаларымыздың тәлімі сымсыз құрылғы пайда болғалы рухани азық беретін алтын кен – кітап бетін парақтайтын жастарға танысқ болып барады.

Кітапханаларға барып, ізденіп, оны парақтап, сан тарауын талдағаннан, көз майын тауысып оқып шыққаннан гөрі қолыңдағы смартфоннан лезде оқи салғанды оңайырақ көреді. Кітап оқығаннан көз майын тауысамыз дейтін сол жасөспірімдер қалта телефоннан бөлінетін сәулелерден көз жанары солып қана қоймай, адам ағазасының басқа да мүшелері зақымданып жатқанын сезбейді. Смартфон тек көз жанарын ғана алмайды, ол мидың жұмысын да кешеуілдететін дәлелденген. Өйткені смартфонда бәрі көз алдында тұрғандықтан, ми ойлау, қорыту сынды функцияларын атқармайды. Мұнан кейін мидың осы қабілеттері біртіндеп жұмысын тоқтатып, дамуы кешеуілдей бастайды. Мұнан арғысы айтпаса да белгілі. Баласының болашағына алаңдайтын, ұлтының келешегіне бейжай қарай алмайтын кез келген ата-ана, ұстаз бүгінгі буынды осы тәуелділіктен арылтудың жолын іздесе керекті. Өйткені баланы жарық дүние есігін ашқаннан қалай қарай бағыттасаң, солай қарай бейімделетінін ескерусіз қалдыра алмаймыз.

Бала бойына жастайынан сіңген тәрбие мен ақыл, болашаққа деген жарқын көзқарас, қабілет пен ынта келешектің нұрланыуының айқын кепілі. Ата-баба салған сара жолды іле жалғап кету де барша жас ұрпақтың міндеті. Біле білсек, әрбір жеткіншек өзі үшін, өзінің отбасы үшін ғана емес, еліне, Отанына да қызмет етуі қажет. Қазіргі күні біздің көптеген жастарымыз шетелде оқып, жан-жақты білім алуда. Өз білімдерін өзге елде жүріп дамытып, ал оның жемісін өз Отанына келіп пайдаланса құба-құп емес пе?! Өзге елде ұлттан болғанша, өз еліңде сұлтан болып, алған білімді өз жұртының ескелең ұрпағына үйрете білсе міне сол отансүйгіштік емес пе?!

Кешегі текті халықтың бүгінгі ұрпағын көргенде кеудені ерекше мақтаншып көрмейді. Жастарымыз көзі ашық, көкірегі ояу, білімге құштар болғаны біз үшін үлкен опжа дер едік. Білекпен емес, біліммен бағындыратын заманда осындай қабілетті буынның қалыптасып келе жатқаны еліміз әлі талай биікті бағындырады деген сөз. Әрбір перзент ата-анам салып берген ұлы жолдан адаспаймын деп жүрсе, ұлалықтың шыңына жете алар еді.

Нұр НАУАН

Назар



Көше тазалығына көңіл бөлсек

Тазалық исламда да, қарапайым өмір қағидасында да жарты байлық саналады. Айналанды, қоршаған ортаңды, аулаңды таза ұстау адамға ерекше көңіл-күй, сергектік сыйлайды. Көз алдындағы әдемі көрініс, гүлге оранған бау-бақшадан жанның алатын рахаты көп болады. Сондықтан айналаңызды таза ұстауға, көшеге қоқыс тастап, таза ауаны бұзбауға тырысыңыз. Себебі біздің артымыздан өсіп келе жатқан кішкентай немерелеріміздің қалыпты өсіп жетілуі үшін тазалық, экологиялық сауықтырылған ахуал аса маңызды.

Балаларды да кішкентайынан еңбекке баулып, өзінің күші жететін жұмыстарды тапсырып, бүлдіршін шағынан бойына тазалық дәнін еге білу керек. Сонда ғана оларда қоршаған ортаны, өзі өмір сүріп жатқан табиғатты аялау сезімі қалыптасады. Мектеп қабырғасында табиғат тәну деген пән жүреді. Ол пән жақсы жүргізілсе, өз нәтижесін беріп, баланы қоршаған ортаны қадірлеуге жетелеуі

мүмкін. Ал ата-ана, ұстаз әрі қарай сол білімнің аясын кеңітіп, мәселен еңбек сабақтарында дене еңбегімен ұштастырса, ата-ана бір мезгіл ауладағы бау-бақшаны күтіп-баптауға, айналаны таза ұстауға баланы баулыса нәтиже өте жоғары болады.

Қазір жаз маусымы. Шілелігір шілдеде әсіресе жастар көшеде қол қыдырып, таза ауада серуендеуді қалайды. Бірақ қолдарындағы сусын-

дарының босаған ыдысын, кейде шылпымын, шемішкесін, жеген тағамдарының қорабын тастауға бейім тұрады. Кейде отырған жерлеріне шемішке шағып, айналасына түкіріп, лас әрекеттерге барады. Адам бірінші кезекте өзін ғана ойламай, тағы да артынан ерген іні-қарындастарының дәл осы жерге демалуға келетінін, сондықтан жұртқа зиянын тигізбейді ойлауы керек.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА



Бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған кісі туралы ауданымыз көршілес болғандықтан, жас кезімде аздап білетін едім. Бұл азамат өткен ғасырдың басында дүниеге келіп, сол заманның қиын-қыстау кездерін басынан өткізіп, қатарларынан қалмай білім алып, ел басқарып, қоғам қайраткері дәрежесіне жеткен, Кеңес одағының Социалистік Еңбек ері атағына дейін жетіп, еліне елеулі, халқына қалаулы болған еді. Сексенінші жылдардың басында Жалағаш ауданы, Аққұм кеңшарында партия ұйымының хатшысы қызметінде жүргенімде, ауыл азаматтары елуінші жылдардың екінші жартысында Тереңезек ауданының партия комитетінің бірінші хатшысы болған Нұрқасым Бердіқұловтың ерен еңбегін айтып отыратын. Ал осы ауданға қарасты Ақарық ауылының тұрғындары сол жылдары Н.Бердіқұловтың бастамасымен елді мекенде салынған Мәдениет үйі, үн диірмені, монша сияқты халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін ошақтардың қазірге дейін жұмыс істеп тұрғанынын айтып, қайраткердің елі үшін еткен еңбегіне ризашылығын білдіретін.



Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, 2022 жылдың III тоқсанында аудан әкімі А.Т.Есжановтың кент және ауылдық округтерде халықпен кездесулерінің кестесі

№	Кент, ауылдық округ атауы	Өткізілетін күні, уақыты	Өткізілетін орны
	Жаңадария ауылдық округі	16.08.2022 сағат 09.00	Ауылдық клуб
	Аламесек ауылдық округі	16.08.2022 сағат 10.30	Ауылдық мәдениет үйі
	Еңбек ауылдық округі	16.08.2022 сағат 12.00	Ауылдық мәдениет үйі
	Аққұм ауылдық округі	16.08.2022 сағат 15.00	Ауылдық клуб
	Таң ауылдық округі	16.08.2022 сағат 17.00	Ауылдық мәдениет үйі
	Аққыр ауылдық округі	17.08.2022 сағат 09.00	№188 орта мектеп
	Жаңаталап ауылдық округі	17.08.2022 сағат 10.30	Ауылдық клуб
	Мақпалкөл ауылдық округі	17.08.2022 сағат 12.00	Ауылдық мәдениет үйі
	Мәдениет ауылдық округі	17.08.2022 сағат 15.00	Ауылдық клуб
	Мырзабай ахун ауылдық округі	17.08.2022 сағат 17.00	№122 орта мектеп
	Бұқарбай батыр ауылдық округі	17.08.2022 сағат 18.00	Ауылдық мәдениет үйі
	Қаракеткен ауылдық округі	18.08.2022 сағат 09.00	Ауылдық клуб
	М.Шәменов ауылдық округі	18.08.2022 сағат 10.00	Ауылдық мәдениет үйі
	Ақсу ауылдық округі	18.08.2022 сағат 11.00	Ауылдық клуб
	Жалағаш кенті	18.08.2022 сағат 16.00	Мәдениет және өнерді дамыту орталығы

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды

2022 жылы 31 шілдеде Жалағаш ауданының М.Шәменов ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті. Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабы 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына,113-10-бабына сәйкес М.Шәменов ауылдық округ әкімін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссия хаттамасының нәтижесін анықтады: **М.Шәменов ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі М.Шәменов сайлау округі бойынша:** сайлаушылар тізіміндегі **608** адамның **515-і** дауыс берді, жарамсыз бюллетеньдердің саны – **2**, «Бәріне қарсы» дауыс берген – **0**. Әр үміткерге берілген дауыстар саны: Аширбеков Ж.Т – **62**; Есжанов Г.С – **408**; Ибраев Д.С – **45**;

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 45, 113-11 баптарына сәйкес 2022 жылғы 1 тамыздағы №05 шешімімен 2022 жылғы 31 шілдеде сайланған М.Шәменов ауылдық округ әкімін тіркеді:

М.Шәменов ауылдық округінің әкімі – Есжанов Галымжан Сансызбаевич – 1970 жылы туған, «М.Шәменов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, әкімі, ұлты қазақ, өзін-өзі ұсынған. Жалағаш ауданының М.Шәменов ауылында тұрады.

тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін білуіңіз керек.

Біздің халқымыз қонақжай, ұлтымыздың салты бойынша, қонаққа қонақасы беру біздің міндетіміз. Ал сізге қонақасы бергелі отырған кешегі Ұлы Отан соғысында неміс фашистерінен елін қорғауда ерлік көрсеткен Кеңес одағының батыры және колхоз төрағасының үйі, – деп әңгімесін түйіндеді. «Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады» дегендей, келген басшымыз бұл ұсыныстан бас тарта алмады.

– Жолдас Беляев, біз естіп жатырмыз, Сіз Қызылорда облысын таратуға, жерін Оңтүстік Қазақстан мен Ақтөбе облысына бөліп беруге келген көрінесіз. Қызылорда облысын жою дегеніңіз Қазақстанды жойғаныңыз, оны тарих кешірмейді, Александр Сергеевич. Мен жер ұйығы Жетісу өлкесінің қазығымен қызметте осы облыста болған жылдарымда қазақ ұлтының ошағы болған осы облыстан көп нәрсені үйреніп, көкірегіме көп нәрсені түйдім, келешекте сіз де осындай жағдайда боласыз.

Егер Қазақстанның келешегіне, тарихы мен мәдениетіне қамқорлық танытамын десеңіз, онда бір кезде Қазақстанның астанасы болған Қызылорда облысын таратып жіберуге болмайтынын білуіңіз керек, – деген Н.Бердіқұлов өз ойын ашық жеткізді.

Ол кездері республиканың бірінші басшысының алдында бұлай сөйлеу үлкен ерлікпен тең еді. Әңгіменің мәнін түсінген басшы беті бері қарап, қандай ұсыныстарын бар дегендей сыңай танытты. Сонда Нүрекен:

– Жолды өзіңіз көрдіңіз, сондықтан да облысты жарып өткен республикалық маңызы бар жол салу керек. Аса бағалы күрші дақылын өндіруді өзіңіз басқарып келген Ставрополь өлкесінің деңгейіне жетіуіз қажет, – деп бірнеше ұсыныс айтты.

Сол жылдың күзінде үкімет басшысы Д.А.Қонаев облысымызға келіп, жағдайымызды өз көзімен көріп, облыстағы өзекті мәселелердің шешілуінің күесі болып едім деген еді Қозекең. Нүрекенді қызылордалықтар осы ерлігі үшін ерекше сыйлаушы еді.

1967 жылы Қызылорда облысына Ленин ордені берілді. Осы салтанатқа Нүрекен құрметті қонақ болып шақырылды. Ағаның атына жылы лебіздер айтылып, сый-құрмет көрсетілді. Құрдасы әрі досы Асқар Тоқмағанбетов Нүрекенмен бірге болып, қуанышты күндерін бірге өткізіп, Ыбырай Жақаев ақсақалға сәлем беріп, құрметті қонағы болған еді. Нүрекен зейнет демалысына шыққаннан кейін де бос отырмай, астана жанындағы Калинин колхозын басқарып, экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы шаруашылықтың қатарына қосты.

Н.Бердіқұлов атақ-даңқына қарамай, қарапайым тұрмыс кешті, өмірінің соңына дейін колхоздың тозығы жеткен кеңсе үйінде тұрды. Ол кісі дүниеден өткенде арнайы барып, қолынан топырақ салып, құранымды бағыштап қайттым. Халқы үшін аянбай тер төккен өзінің бет-бейнесін жоғалтпай, арының алдында, азаматтығын сақтай білген, аты аңызға айналған азамат – Н.Бердіқұловпен осылай қоштасқан едім, – деп Қозекең сөзін аяқтады.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

жайлы қызықты да тартымды әңгімесін айтқан еді.

– Мең, – деп бастады Қозекең. Жаңа-қорған ауданының Келінтөбе ауылында 1930 жылы дүниеге келгенім. Орта мектепті бітіргеннен кейін Алматыдағы ауыл шаруашылық институтын бітіріп, жоғары білімді агроном мамандығын алып, облыстық ауыл шаруашылық басқармасының құзырына оралдым. Ер баладан жалғыз болуыма байланысты әке-шешем менің басқа жаққа қызметке кетуіме қарсы болды. Мен амалсыздан ауылдағы мектепке мұғалім болып жұмысқа орналастым. Оқу жылының аяқталуына бір тоқсан қалғанда мені «арнайы» шақыру қағазымен облыстық ауыл шаруашылық басқармасына шақырды. Ол кезде оқу орнын бітірген жайлы диплом жіберілген қызметке барғаннан кейін берілетін. Бастық мені ауыр қабылдап, әңгімеім бастады. «Сен Кеңестің жоғарғы оқу орнын тегін оқып, жоғарғы білім алдың. Неге жіберген жерге бармайсың? – деп кейді». Мен отбасымның жағдайын айтып, мән-жайды айта бастадым. Ол ештенгені тыңдамай, сені Тереңезек ауылындағы Шаған «МТС» бас агрономдығына тағайындағанын жеткізді. Ауданның бірінші басшысымен телефон арқылы сөйлесіп, "Қазір ол сіздің қабылдауыңызда болады", – деп қолыма бұйрығымды ұстатты. Сол күні мен ұстаз және болашағыма бағыт-бағдар берген, Алаштың абзал азаматы Нұрқасым Бердіқұловпен алғаш рет кездестім. Шаған «МТС» директоры Пак Виктормен сыйласып, тіл табысып, жұмыс істедім. Кейіннен жаңадан құрылған №1 күрші кеңшарының директоры, ауданның ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметін Бердіқұловтың басшылығымен атқарғанымды мақтаныш етемін деген еді. Социалистік Еңбек Ері көп жылдар заманының ыстық-суығына төтеп берген, өмірінің соңғы сәтіне дейін елі үшін аянбай еңбек еткен Н.Бердіқұлов Павлодар, Ақтөбе, Қызылорда, Алматы облыстарында басшылық қызмет атқарған тұстарында қайрат жігерін керемет танытқаны және істеген істері, айтқан өнегелі сөздері ел аузынан түспей келеді.

Қызмет еткен өңірдің қайсысында болсын айрықша ақжарқын мінезі, ерен еңбегін былай қойғанда, тар жерде жол тауып кететін тапқырлығы, алмас қылыштай жарқ ете қалатын батылдығы ел ішінде аңызға айналған еді.

Нүрекен атақты ақын, сатираның санлағы Асқар Тоқмағанбетовпен сыйлас, сырлас болатын. 1939-1944 жылдары Ақтөбе облысының Ырғыз ауданын басқарып жүргенде ауданның экономикасы қарқынды дамып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Нұрқасым Бердіқұлов Социалистік Еңбек Ері атағын алған еді. Нүрекең қайда жүрсе де қызметтес азаматтарына қамқорлық танытып, шаруашылықтың өсіп-өркендеуіне жолын таба білетін ол жастарға шынайы жанамыш ретінде қамқорлық жасап отыратын. Нүрекеннің сөз тапқырлығы, аңызға айналған батылдығының өз ба-сым талай күесі болдым, – деп Қозекең

әңгімесін жалғастырған еді.

Бір кездері тарап кету қауіпі туған Қызылорда облысын аман алып қалуына Нүрекенніңсөзініңқалпытигенболатын. 1957 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы А.С.Беляев Талдықорған, Қызылорда облыстарының болашағы жоқ деп есептеп, осы екі облысты таратып жіберу керек деген шешімге келді.

Сол жылдың мамыр айының басында А.С.Беляев жағдайды өз көзімен көруге Қызылордаға келді. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С.Тоқтамасов болатын. Облыс активтері обкомға жиналды. Жағдай бәрімізге белгілі болды, іс басында жүрген азаматтардың көңілдері қобалжуда еді.

Ол кездері партия шешімі бұлжымайтын заңмен тең. Суыт жүріспен келген А.С.Беляев обкомда жиналғандарға келген мақсаттың, Орталық Комитеттің шешімін жеткізіп, облыстың жағдайымен танысатындығын қысқаша хабарлап, аудандарды аралауға жолға шықты. Мен Тереңезек ауданының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы едім. Елді аралау біздің ауданнан басталуына байланысты, А.С.Беляев, С.Тоқтамасов, Н.Бердіқұлов және мен жол бастаушы ретінде бір көлікке отырдық.

Тасбөгет платинасымен өтіп, «Шір-кейлі» каналының бойындағы «шоқы-рқы» жолға түскенде шаңға көміліп, Карл Маркс колхозына түске жақын жеттік.

Жолшыбай Одақтықтың інжу-маржаны атанған Ставрополь өлкесінен келген республика басшысы, өзінен-өзі бұлығып, бұл жер тозақ қой, осындай облыста қандай болашақ болу керек деп өзінің шешіміне өзі риза болып келе жатқандай болды. Басшының сөздеріне Нүрекен ұтымды жауап беріп отырды.

– Мен қызмет бабында республикамыздың біраз облыстарында қызметте болдым. Бірақ осындай табиғаты қатал өңірде еңбексүйгіш адамдармен жұмыстас болғанымыа қуанамын. Нағыз қайырағы бұзылмаған қазақ ұлтының шаңырағы көтерілген бұл облыстың келешегі зор. Мынау Сырдария өзе-нінің суына осы өмірден жаңа күрші шаруашылықтарын құрып, еңбек байлығын арттыруға мүмкіндік зор.

Анау деп егістікке жер айдап жатқан техниканы, атыз басында кетпен шауып жатқан сушыны, көктемнің салқын суында жуан санына дейін су көшіп, барын жинап жүрген күрішшіні қолымен көрсетіп, олардың не жазығы бар, Александр Сергеевич, – деп өз ойын еркін жеткізіп отырды.

Үлкен басшылықта жүрген А.С.Беляев Нүрекеннің өмір жолынан хабардар болды. Осындай әңгімемен Карл Маркс колхозына да келді. Өзімше ол кісіні колхоз төрағасы Кеңестер одағының батыры Наги Ильсовтың үйіне түсіріп, қонақасы беруді жоспарлаған бола-тынымыз. Алайда мейманымыз қонақасы ішуден бас тартты.

Осы кезде Нүрекен:

– Жолдас Александр Сергеевич, сіз одақтары алып республика Қазақстанды басқаруға, оның экономикасы мен мәдениетін, халқының әл-ауқатын көтеруге келдіңіз. Сондықтан да қазақ халқының

Туған өлке



Өлкенің тарихи тағылымы

Өңірде тарихи-мәдени мұраға айналған көне қалашықтар, асарлар, ескерткіштер мен ерекше маңызға ие киелі орын көп. Мұндай тарихы тереңнен сыр шертетін құндылықтардың бірі зерттелсе, енді бірі әлі де зерттеуді қажет етеді. Біз бүгінгі туған өлке атты айдарымызда осындай киелі орындардың тарихына, құрылысына шолу жасамақпыз.

Жаныңыз болсын жұмақта

Жалған дүниеде ең жақын адамыңнан айырылғаннан қиыны жоқ шығар. Алпаңай өлшеп берген өмірі, тағдырдың сызып қойған даңғыл жолынан ешкім асып өте алмас. Дем-тұзы таусылған адам жалған дүниемен қоштасып, келмес сапарға аттанып кете бермек. Бізге бар жылуын сыйлап, тәлім-тәрбиесін берген аяулы әке, ардақты жан Жаңабаев Тұрсынбай атамыздың өмірден озғанына да қырық күн болыпты.

Жаңабаев Тұрсынбай атамыз 1932 жылы 12 наурызда қарапайым отбасында дүниеге келген. Анамыз екеуі 5 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Ол кісі саналы ғұмырында мал шаруашылығында ұзақ уақыт ферма менгерушісі, одан кейін ауыл әкімі, халықтық бақылау комитетінің басшысы болып қызмет етті. Зейнетке шыққаннан кейін Өзбеклі мешітінде имам болды. Қызметтегі жауапкершілігі мен табандылығының арқасында бірнеше рет марапат төрінен көрініп, алғысқа да ие болды.

Қазір сол асқар тау әке мен ақжарлықты ананың шаңырағынан тараған ұл-қыз өсіп-өнді, барлығы да өмірден өз орындарын тауып, әр салада еңбек етіп келеді. Ардақты жан көзі тірісінде перзенттерінен немере, шөбере сүйіп, ақылгөй қарияға айналған еді. Бірақ Алланың жазуымен 27 маусым күні келмес сапарға аттанып кете барды. Алланың ісіне бізде шара жоқ. Ендігі жерде біздің қолдан келері – қол жайып, құран бағыштау ғана. Алла асыл жанның жанннаттың төрінде шапқынсың! Топырағы торқа, иманы жолдас болсын дегіміз.

Жырақтаса кім сағынбас әкесің. Сіз біз үшін данасыз хәм дарасыз. Жұмақ болып мекеніңіз мәңгілік. Жатқан жеріңіз жайлы болсын әкешім.

Еске алушылар ұл-қыздары, күйеу балалары мен келіндері және немере-шөберелері



Ойтамызық

Қазақтың салт-дәстүріне біз бейжай қарамаймыз. Оны әркез дәріптеп, елге жариялап отырамыз. Ұлттық құндылықтарды ұлықтағаннан біздің мәртебеміз артпаса, кемімейді. Бірақ әр нәрсенің өз орны бар. Той дегенде қу бас домалайды деп дарақылыққа салынуға да жол бермеу керек.

Мәселен, бесік тойға қыздың анасы бесікпен бірге балаға қажетті киім-кешек, ойыншықтар, қыстық, жаздық арбалар, ас ішетін орындықтар әкеліп жатады. Баланың есіп-жетілуі үшін қажетті дүниелерді кім де болсын қуанып қабылдап жатады. Өзінің сән-салтанатымен келген керек-жарақ қашан да кәделі әрі қымбат. Бірақ кәденің жөні осы екен деп мейлінше көп дүниені шашып, бала жетілем дегенше киіп үлгерсе алмайтын киімді оңды-солды әрі көп әкеліп елдің назарын аудару жараспайды.

Бұл енді елдің ыzasын тудырып, бәсекелестікке итермелейді. Біреулер сол адамның жасаған әрекетін көріп, мен де сондай болмадым деп азарлануы мүмкін. Көп шашылғанды шариғат та қабылдамайды. Қазір әлеуметтік желіде қыз баланың бесік тойына деп әкелінген сыйлықтар қызу талқыланып жатыр. Көпшілік талқысына түскен видеоны [sashantodaykz](#) Instagram парақшасы жариялаған. Видеодан бесік тойға



Той деп шашыла бермейік

жиналған қонақтардың алдында сәбиге әкелінген бағалы сыйлықтар көрсетіліп жатқанын байқауға болады. Сәбиге тарту етілген сыйлықтар қатарында манеж, тамақ ішетін үстел, велосипед, балалар арбасы мен көлікке дейін бар. Сондай-ақ он түрлі аяқ киім, жылдың барлық мезгіліне арналған киіммен бір шамадан бас киім, шұлық сыйланған. «Мына жерде жаз, күз, қыс, көктем, яғни, барлық жыл мезгіліне арналған бас киімі бар. Мұнда саны қанша екенін білмеймің, әйтеуір ала беріп-піз. Жаңа туған кезінен бастап

үш жасқа дейін киеді. Мынау шұлықтары. Ал мынау гигиеналық іш киімдері, лосина, колготкилері» дейді сәбидің киімін қонақтардың назарына ұсынған келіншек. Видеоны көрген желі қолданушылары сәбиге мұндай көп киім қажет еместігін айтқан. Пікір жазушылардың басым бөлігі бұл киімнің барлығын киіп үлгергенше баланың тез есіп кететініне тоқталған.

Өте дұрыс айтылған. Баланың жас мөлшеріне қарай киім-кешек әкелу керек. Оны бірнешеу әкелгеннен ешқандай пайда жоқ. Шынында оны бала киіп үлгерем де-

генше есіп кетеді. Міне, бұл таза бәсекеге итермелейді. Көп болған нәрсенің берекесі де кетеді. Үнөмдеуді назарға салған қазақтың әр пәлсапасының тереңінде үлкен ой мен терең ұғым жатыр.

Даңғазалық пен дарақылыққа ұлы философ Абай атамыз кезінде қара сөздерімен тыйым салып отырған. Сондықтан жараспайтын артық әсіреқызарлықтан аулақ болайық. Қазақта «әсіреқызыл тез оңар» деген мақал бар. Әр қадамымызда абай болайық.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ



Ебін тапсаң, ескі жаңарады немесе Жалағаштағы «Сары москвич»

Жылдың қай мезгілі де адам өмірі үшін маңызды ғой. Әйтсе де, жаз айларында тұрғындардың тіршілігі қыза түседі. Қыстың қысқа күнінде үлгерсе алмаған қат-қабат шаруаларымызды жазға жоспарлаймыз. Солардың ішінде құрылыс жұмыстары да жаз айында қарқын алады. Бірі жаңадан үй салады, ескі үйіне күрделі жөндеу жүргізеді, енді біреулер ауласындағы қоражайын ретке келтіреді және осының барлығы бірер күнде бітетін оңай іс емес. Сол жұмыстардың барысында қажетті заттарын алу үшін оларға дүкенге күніге бірнеше мәрте баруға тура келеді. Жеке көлігі барлар өрине, асықпай жүріп керек-жарағын алады да, заты сиғанынша жүктеп алып кете береді. Ал көліксіз барғандар амал жоқ, такси қызметіне жүгінеді. Алайда такси жүргізушілердің көбі салмағы ауыр құрылыс заттарын, соның ішінде әк, цемент және тағы да басқа ұнтақ салған қап-қалталарды жүктемейді. Көлігін бүлдіреді екен. Әдепкіде «тұтынушының сұранысын өтемесең, неге халыққа қызмет көрсетесің?», – деп ренжисің. Бірақ олар сенің ол сөзіңді құлағына да қыстырмайды. «Қап жүктейтін басқа такси тауып ал», – деп келеке етеді. Сондайда «Сары москвич қайда жүр екен?» деп ойлайсың...

«Сары москвич» Жалағаштың халқына жақсы таныс. Иесінің айтуынша, осыдан қырық жыл бұрын зауыттан шыққан кеңестік жеңіл көлік әлі сыр бермеген. Яғни күттімі жақсы. Төбесінде жүк салғышы бар «Москвич» расында қазірде біз мініп жүрген ше-

телдің көп көлігінен жаңа әрі қозғалтқышының қуаттылығы жоғары болып шықты. Дүкен иесі такси таппай тұрған маған қоңыраулатып сары москвичті шақырды. Көп күттірген жоқ, желдей жүйтікпін жетіп келді. Дәуімбай елді мекеніне жүк апарып келген бойы екен.

Иесі Бақытжан да үнемі күліп жүретін жайдары жігіт болып шықты. «Жиырма қап цемент бар», – дедім. Сөзге келген жоқ. «Болды! Мекен-жайыңды айт, жеткізіп беремін!», – деді. Жүгім бір тоннаға жуықтап қалатын. Көрмеген адамға өтірік болар, Бақытжан барлы-

ғын әлгі көлікке салды. Алғашында күмәндандым. Бірақ, сары москвич қыңқ деген жоқ, от алған бойда зырылдап алып лезде үйге жетіп келді. Жолай жүргізушіні өңімеге тарттым.

– Мына көлік қай жылы шыққан?

– 1985 жылғы.

– Әлі жаңа сияқты ғой?!

– Күтіп ұстасан, май-суын уақытылы ауыстырып мінсең қандай көлікте ұзақ жыл қызмет қылады ғой өзіңе. Жалпы кез-келген заттың игілігін көру үшін оған күтім керек. Біз, қазақтарда қызық халықпыз ғой өзі, көлікті тек мақтан үшін мінеміз көбіне. Шет елдің жүйрік те, әдемі автокөліктерін тізгіндеп, желдей жүйтікпін жүруге де жағдай бар ғой. Бірақ, осы сары москвич маған таксилетуге қай жағынан да ыңғайлы болып тұр. Тұтынушыларымың көңілінен шығып, халықтан та алғыс алып жүрмің, өзім де ырза дегендей.

– Иә, манадан осы жерде жүгімді апаратын такси іздеп көп тұрып қалдым. Басқа таксилер «затың ауыр, салонын бүлінеді» деп жүгімді алмады, – дедім мен.

Бақытжанның такси болып жүргеніне 10 жыл болыпты. «Бұл сары москвич қазір Жалағашта хит» деп әзілдеп қояды өзі. Расында, жуырда ғана блогерлер сары москвич туралы бейнеролик түсіріп кетіпті. Тіпті аудан жұртшылығына танымал «күшті көлікті» ән клипінің сюжетіне де пайдалануға келісім беріпті иесі.

– Клиент көп. Көбінде құрылыс дүкендерінің жанында тұрамын. Жүктіеп кетсем, дүкен иесі немесе клиенттер қоңырау шалады. Келіп, екінші адамның заттарын апарып беремін. Әйтеуір, танған кешке дейін босаймын. Алпаның берген нәпақасы ғой, – дейді.

Иә, Бақытжан Сисенов сары москвичті кәдімгідей күнделікті кәсіп кезіне айналдырған. Өзінің айтуынша, кейбір күндері ескі көлігімен шөп те таситын көрінеді. Төбесіндегі қолдан жасаған темір жүксалпышына бір тиегенде 50 бау кетеді екен және сол артылған жүкті жолда төкпей-шашпай, үйіне жеткізіп беретін көрінеді. Ақысы да аспандап тұрған жоқ. Өзгелер секілді жанар май бағасының аспандап кеткенін айтып, төрт тағандап тұрып алмайды, тұтынушының қалтасының жағдайына қарайды екен.

Сары москвичтің иесі заттарымды үйге жеткізіп қана берген жоқ, оларды түсіруге қолғабыс етіп, «такси қажет болса, хабарласарсың» деп жылы қоштасты.

Қуат АДИС

Ойтаразы

Қанағат қарын тойғызар

Менің анам өте сабырлы, иманжүзді, бірсөзді адам еді. Қыз анаға қарап бойжетеді ғой. Анамның салқынқанды көйпінең, бетіне түскен терең әжімнен өмірдің көп қиындығын көргені сезіліп тұратын. Ол кісі бізге үнемі сыр сақтаудың мәнін бір ауыз есті сөзбен ұқтыратын. «Жақсы әйелдің ішінде бесігімен ұл жатады, жақсы еркектің ішінде ер-тұрманымен ат жатады» дейтін. Ол мақалдың мәнін кейін ақыл тоқтатқанда білдім. «Сырыңды шашпа» дегені екен.



Сол кездегі көркем әдебиеттерді, батырлар жырын, дастандарды көп оқытатын. Оқытып қана қоймай, не түсінгенімізді сұрайтын. Мен өмірге келген 1965 жылы да елдегі жағдай тым-тәуір деп айту қиын еді. Біздің ауылда үйге жақын жерде «Мақпалкөл» деген көл болатын. Мені сол елдегі қасқалдақты аулап, соның сорпасымен өсіріпті. Анам маған «сенің атың «Қасқалдақгүл» болу керек еді» деп әзілдейтін. «Қасқалдақтың қанындай» деген сөздің өзі тапшылық, жоқшылық деген мәнде қолданылады ғой. Иә, расында қазіргідей тоқшылықты түсімізде де көрген жоқпыз. «Ысырап қылма» деген сөзді жиі естідік. Содан болар қолда барға қанағат етіп қадірін білдік.

Ол кезде кішкентай қарықшаға аяқ су келіп, сол суда балық тулап жататын. Бірақ бау-бақша өкпенмен, қорадағы өріктен тосап жасап, қызанақ пен қияранд банкі жапқан адам көрмеппін. Бірақ біздің үйден бау-бақша өнімдері үзілмейтін. Анам әсіресе, қызанақты көп егетін. Алақандай жерден малға беретін жоңышқа, өзіміз қыстай жейтін картоптан бастап, бар өнімді алатын едік. Бізді ата-анамыз есейгеннен еңбекке баулыды. Тезек тердік, бақшадан шөп жұлдық, жоңышқа ордық. Қорадағы малға қарадық. Қой кезекке де бардық. Ауылдың тоқал тамында май шамның жарығымен сабақ оқыдық. Анамыз қалың шүберектен сөмке тігіп берді. Соны ұстап мектепке бардық. Үлкеннен қалған киімді кидік. Сән қумадық. Ерте есейіп, айналамыздағы ауырталпақтың кеңілге тоқып, өзімізді көбінде сабырға шақырдық. «Сабыр түбі сары алтын, сабырлының бәрі алтын» деген мақал менің ең жақсы көретін мақалым. Көп нәрсені зердеме құйған, ізгілікке тәрбиелеген анама алғысым шексіз.

Әлі есімде, ел ұйқыға кетерде қарашауыдң ортасына жағылған отқа қарап анам әңгімесін бастайтын. Лаулаған оттың сәулесі анамның жүзін нұрландырып тұратын. «41 жылы жаңа түскен келіншек едім. Ол кезде ақ орамал тартатынбыз. Тобығыма түскен қолаң шашым болатын. Әкелеріңмен жұбайлық өміріміз енді басталып, балдай тәтті күндерді өткізіп жатқанбыз. Ол кезде теледидар деген атымен жоқ. Жаңалықтың бәрін радиоқабылдағыштан тыңдаймыз. Сол күні жаз айының аптап күндерінің бірі болатын. Радионы қосқанымыз сол еді диктордың дауысы зарлап қоя берді. Естігенде аза бойымыз қаза болды. Күңіреніп кеттік. Өкең мектепте сабақ беретін. Халық у-шу, азан-қазан. Сүм соғыстың басталғаны құлағымызға жетті. Ауыл өбігерге түсті. Онсыз да тұралаған халыққа бұл хабар ауыр тиді. Өкең болса, әулетте жалғыз ұл. Көп ұзамай отағасымыз майданға аттанамын деп шешім қабылдады. Ол кісі өте қарапайым болғанмен өжет, бір сөзді, айтқанынан қайтпайтын адам еді. Алдыңғы лекпен соғысқа аттанып кетті. Ақын жүрегі атойлап жауынгерлерді жауды жеңуге үндеген жалынды жырлары бірінен соң бірі жазылып, газет бетіне жарияланып жатты. Әр өлеңмен жазылған хатты алған сайын жеңіске деген үміт жүректі жаулап алды. Ұрандатып жазған өлеңдері маған қанат бітірді, елді рухтандырды.

Елдегілердің көңіліне жұбаныш, жүрегіне сенім ұялатты. «Күннен сәлем» деген өлеңін оқығанда, құстай ұшқан бақытым басыма қайта қонатындай сезімге бөлендім. Майданнан жеткен үшбұрыш хатқа жазылған сағыныш пен махаббатқа толы өлеңді көкелескенде таққан ақ орамалымың ұшына тұмар қып тағып жүрдім. Сол ақ орамалдың киесі болар әкелерің қан майданнан аман-сау ошағына оралды ғой. Өшкелі тұрған үмітіміз қайта жанды, бір әулеттің шаңырағындағы оты қайта лаулап, өмірге алты перзент көлді. Мынау маздаған отқа қарап осы оқиға есіме түсті. Ал балапандарым ұйықтай қойындар», – деп анам әңгімесін тәмамдағанда біз де қалай ұйқыға кеткенімізді сезбей қалатынбыз.

Қазір қарап отырсам «мен елдің өркендеуіне не жақсылық жасадым? Туып-өсіп, кімдік кескен жерге деген борышымды қалай өтесем екен?» деген сауалды өзіне қоятын елдің мүддесін өзінен жоғары ұстайтын ұлтжанды адам азайып бара жатқандай. Керісінше, мен енді елдің тайқазанынан нәні талап етсем екен?» дейтін жатып ішер жалқаулар көбейіп бара жатыр. Бұл жақсылықтың нышаны емес. «Біз елдің өртеңгі жағдайың, болашақтағы ұлт тағдырын, ұрпағымыздың келешегін ойлаудан гөрі бір күндігімізді ғана есептейтін жаңға айналып барамыз ба қалай?» деген ой менің санамда қылаң бере бастады. Мемлекеттің қазынасы, ұлттық қорымызға қол салсақ, жағдайымыз күрт төмендейтінін сол байбаламшыл жандар ұқпайтын сынайлы. Рухы әлсіреген адам жеңіліске ұшырап, түбі жақсы болмайды. Мен шенді де, шекпенді де емеспін. Жұрт секілді қарапайым анамын. Елдің тыныштығын, бірлік пен абыройың, бақуатты өмірін тілеп Алпаға күні-түні қол жайып, дұға қылып өткен аналарымыз бізге үлкен тәлім мектебі болуы керек. Қазір айналамызда «шолоқ бөлсенділер» көбейді. Әлеуметтік желіде де желікөненің жетегіне еріп, қызба сөзбен бейғам жүрген адамның санасын жаулап, жаман пиғылға бастайтындар саны артты. Әрнәрсеге қанағат керек. «Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар» дегенді де мен ойлап тапқан жоқпын. Басынан небір қиямет-қайым заманды өткізіп, тәубесіне келген дананың сөзі.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1268

Кезекші редактор: Нұржамилла АЛМАСҚЫЗЫ

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru